

Нысанның БКСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД	
КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық - эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық - эпидемиологиялық бақылау департаменті Қарғалы аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Каргалинское районное управление санитарно - эпидемиологического контроля Департамента санитарно - эпидемиологического контроля Актюбинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение**

№ D.06.X.KZ56VWF00155223

Дата: 19.04.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Ясли сад "Димаш"

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 02.04.2024 17:49:57 № KZ26RYS00585395**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) "Balağa Adilette Qyzmet" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Республика Казахстан, Актюбинская область, Каргалинский район, Бадамшинский с.о., с. Бадамша Алтубинская Каргалинский село Бадамша, Пацаева 15А 0

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиселігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта у жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

ясли сад "Димаш"

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

Мектенке дейінгі білім беру

4. Жобалар, материал дарэзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) талап етілмейді

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) Өтініш: зертханалық-аспаптық зерттеулер хаттамасы

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) талап етілмейді

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) берілген жоқ

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)



3. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

«Balaga Adiletti Qyzmet» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Димаш» бөбекжай-балабақшасы Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылдық округі, Бадамша ауылы, В.Пацаев көшесі 15А мекенжайында орналасқан. Субъекті «Balaga Adiletti Qyzmet» ЖШС, БСН: 231140024288, тіркелген күні 13.03.2019ж. 2024 жылғы 1 сәуірде ғимаратты жалдау келісімшарты бойынша Е.С.Таймовтан «Balaga Adiletti Qyzmet» ЖШС-не ұзақ мерзімге жалға берілген. Занды мекенжайы: Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы, Бадамша ауылдық округі, Бадамша ауылы, В.Пацаев көшесі 15А. Басшысы: Таймов Есет Ерболұлы. Байланыс телефоны: 87054442707, email: pss.kz@bk.ru.

Объектінің негізгі қызмет саласы - мектепке дейінгі білім беру. «Димаш бөбекжай-балабақшасы» 50 балаға, 2 топқа арналған. Жаңадан салынған ғимарат.

Объект 5 қабатты тұрғын үйге жапсарлас, 2 қабатты ғимаратта орналасқан. Кіру жолдары бөлек орналасқан. Аумағында білім беру процесімен функционалдық байланысы жоқ ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар орналастырылмаған. Объект аумағы қоршалған, бүтіндігі бұзылмаған, абаттандырылған, көгалдандырылған, жарықтандырылған және таза ұсталған. Объектінің учаскесіне кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға өтетін жолдар қатты жабынмен жабдықталған. Аумағында келесі функционалдық аймақтар бар: негізгі алаң, ойын алаң, шаруашылық алаң және контейнерлік алаң қарастырылған. Балалардың әрбір жас топтары үшін жеке 1 ойын алаңы көзделген. Әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған көлеңке қалқа көзделген, ауданы 21,2м², Көлеңке қалқалардың едені ағаштан жасалған. Контейнерлік алаңда қоқыс жинағыштар тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған, үш жағынан қоршалған қатты жабындысы бар. Толуына қарай уақытылы 2024 жылғы 1 сәуір келісім шарт негізінде ЖК «Каюпов» шығарылады.

Объектінің жалпы ауданы 255 м².

1 қабат 88,3 м² келесідей үй-жайлардан тұрады: 1 топтың үй-жайы, балалардың ойын немесе мәжіліс залы, медициналық кабинет, асхана, қойма, санитариялық тораптар. қызметкерлер бөлмесі.

2 қабат 90,8 м² келесідей үй-жайлардан тұрады: 2 топтың үй-жайы, балалардың ойын немесе мәжіліс залы, санитариялық тораптар.

1 топ - Кіші топ 1 қабатта орналасқан, 25 балаға (1-3жас) арналған, ауданы 88,3 м². 1 балаға 3,0 м² есебінен ойын және жатын үй-жайлары біріктірілген. Қайырмалы 30 кереует орнатылған, өлшемі 140*65 сантиметр (см). Балалардың тамақ ішуіне 6 үстел (биіктігі 35-45 см аралықта), 25 орындық (биіктігі 22-25 см аралықта) бар. Балалардың бойы мен жасына, балалар санына сәйкес жиһаздармен, үстел, орындықтармен жабдықталған. Топтық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Едендерге ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін паркеттен жасалынған. Киім шешетін үй-жай 1 балаға кемінде 0,7 м² есебінен есептелген, киімге және аяқкиімге арналған 26 шкафтармен жабдықталған. Санитариялық тораптың ауданы 7,3 м², 3 унитаз, 3 қол жуғыш, 1 иілгіш шлангідегі себезгі торы бар табандық орнатылған, балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін жеке ұяшықтары бар ілгіштер бар. Сонымен қатар ерте жастағы балалар үшін 30 түбек көзделген. Таза түбектер арнайы орында, жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталған. Түбектерді сулауға арналған сыйымдылықтар таңбаланған. Түбектер пайдаланылғаннан кейін тазартылады, жуылады және дезинфекцияланады.

Персоналдарға арналған үй-жайлар ғимараттың бірінші қабатында қарастырылған, ауданы 2,8м².

2 топ - Орта топ 2 қабатта орналасқан, 25 балаға (3-4жас) арналған, ауданы 90 м². 1 балаға 3,0 м² есебінен ойын және жатын үй-жайлары біріктірілген. Қайырмалы 30 кереует орнатылған, өлшемі 140*65 сантиметр (см). Балалардың тамақ ішуіне 6 үстел (биіктігі 48-54 см аралықта), 30 орындық (биіктігі 28-32 см аралықта) бар. Балалардың бойы мен жасына, балалар санына сәйкес жиһаздармен, үстел, орындықтармен жабдықталған. Топтық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Едендерге ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін паркеттен жасалынған. Киім шешетін үй-жай 1 балаға кемінде 0,7 м² есебінен есептелген, киімге және аяқкиімге арналған 30 шкафтармен жабдықталған. Санитариялық тораптың ауданы 4,9м², 3 унитаз, 3 қол жуғыш, 1 иілгіш шлангідегі себезгі торы бар табандық орнатылған, балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін жеке ұяшықтары бар ілгіштер бар.

Қойма үй жайлары. Балабақшада қатты мүкәммал қорларын сақтау үшін қоймасы-2м². Қойма үй-жайларының барлығы стеллаждармен, тұғырықтармен жабдықталған.

Санитариялық тораптағы, медициналық кабинеттегі барлық себезгілер мен қол жууғыштар, асханадағы жуу ванналары салқын және ыстық су жүйелеріне жалғанған. Сарқынды сулар қауіпсіз бұруды қамтамасыз ететін суды бұру жүйелеріне қосылған. Жарамды жағдайда ұсталған, жуу ванналарының, раковиналардың бүтіндігі бұзылмаған. Қолды жууға, дезинфекциялауға, кептіруге арналған құралдармен жабдықталған, жеткілікті қоры бар.

Объектінің бірінші қабатында медициналық кабинет бар. Медициналық кабинетке бір бөлме



арастырылған. Медбике бөлмесі-10,5 м2. 1 медбике жұмыс жасайды. Медициналық кабинет «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 9-қосымшасына сәйкес жабдықталған. Медициналық кабинетте «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 12-қосымшасына сәйкес медициналық құжаттамалар жүргізілген.

Объектіде салқын су жүйесі орталықтандырылған. Топтық үй-жайларда таңбаланған графиндерге құйылған ауыз су режимі ұйымдастырылған. Су ішу үшін таза ыдысты пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностар бөлінген.

Ыстық су су жылытқыш арқылы жылытылады. Ыстық және салқын су барлық қол жууға арналған раковиналарға, себезгілерге жүргізілген, ақаусыз жұмыс жасап тұр. Ақаусыз су бұру жүйелері қарастырылған. Кәріз жүйесі-жергілікті су бұру жүйесі арқылы. Толуына қарай уақытылы «Бадамша Сервис» КМК 01.04.2024 жылғы №09 келісімшарт негізінде шығарылып отырады.

Жылытылуы - табиғи газ жүйесі. Ақаусыз жылыту жүйелері қарастырылған. Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған, тормен жабылған. Жарықтандыру көздері табиғи және жасанды, Жарықтандыру аспаптары жарық беретін қорғаныш арматурамен жарықтандырылған, терезелердің шынылары таза. Терезе көздері жәндіктер кірмеуі үшін алмалы-салмалы қорғаныш торларымен жабдықталған.

Желдету жүйесі ақаусыз. Желдетілуі- табиғи (терезе көзі), сыртқа тартып желдету жүйесі арқылы. Желдету үшін ашылатын терезелерге москит торлары орнатылған. Қосымша асханада механикалық түрде іске қосылатын желдету көзделген.

Үй-жайларды, жабдықты, мүкәммалды, ыдысты жуу және дезинфекциялау үшін дайындаушының қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдары жеткілікті және жуу ванналары бар. Қолданылуына қарай жеке үйжайларға бөлінген, арнайы орында сақталған. Объектіде барлық үй-жайларының қабырғалары, едендерінің беттері күн сайын ылғалды жинау жүргізуге мүмкіндік беретін, жуу және дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге төзімді су өткізбейтін материалдардан жасалған. Терезелер тұтастықты бұзбай, жәндіктерден алынатын жуылатын қорғаныш торларын орнату мүмкіндігімен оларды жууды қамтамасыз ететін конструкциямен пайдаланылады. Есіктердің беті тегіс, ылғалды сіңірмейтін, жуылатын материалдардан көзделеді.

Кір жуу қызметі арнайы бөлмеде жүргізіледі. Кір жуу бөлмесінің ауданы 2,6 м2 және кірді кептіру және үтіктеуге арналған 8,6 м2 бөлмеден тұрады. Кір жууға және кептіру мен үтіктеуге қажетті жабдықтармен жабдықталған. Инфекциялық науқастардың кірін дезинфекциялауға арналған таңбаланған ванна қарастырылған. Төсек-орынды, орамалдарды ауыстыру ластануына қарай, бірақ аптасына бір реттен сиретпей жүргізіледі. Бір жатын орынға үш төсек орын жиынтығы бар. Төсек-орын жабдықтарына камералық дезинфекция жүргізу үшін «Теміржолдезинфекция» ЖШС 2024 жылғы 04 сәуір де №38 келісімшарты бар.

Балабақшаның бірінші қабатында асхана орналасқан. Жалпы алаңы- 44 м2 құрайды. Асхана -21м2, көкөністер қоймасы-1,1 м2. Асханада негізгі тамақ өнімдері пісіріледі, 1 электрлі плита, 1 газ плита, 1 нан пісіретін пеш, 2тоңазытқыш, 1 мұздатқыш, ыдыс қоятын үстел және ыдыс кептіргіш стеллажы, ыстық және салқын су келтірілген екі секциялы ванна, түтін мен иістерді сіңіретін сүзгі-желдету блогы бар ауа тазарту жүйесі бар. Ас блогында технологиялық процестердің бірізділігі көзделген, шикі және дайын өнімнің, шикі жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің, пайдаланылған және таза ыдыстардың қарама-қарсы ағынына жол берілмеген. Қойма үй-жайларының барлығы стеллаждармен, тұғырықтармен жабдықталған.

Азық-түлік тасымалдайтын автокөліктің қызметінің басталғаны туралы 2023 жылғы 27 наурызындағы №KZ37UWJ00087779 хабарламасы бар. Автокөліктің іші арнайы термоконтейнерлермен жабдықталған. Балабақшада жылжымалы 2 бактерицидті сәулелендіргіш бар, мақсатына сәйкес пайдаланылады, журналы арналған, уақытылы қосылады, ақаусыз жұмыс жасап тұр.

Ауаның температурасын бақылау үшін топтық үй-жайларда, медициналық пункт үй-жайларында термометрлер орнатылған. Ақаусыз жұмыс жасап тұр.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын аттигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) малап етілмейді



10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері
(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

30.11.2023ж №5 Шу деңгейлерін өлшеу хаттамасы, 30.11.2023ж №76 Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы, 30.11.2023ж №64 Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 30.11.2023ж №11 Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, 30.11.2023ж №6 Жарықты өлшеу хаттамасы. Барлық өлшеулер мен зертханалық және аспаптық зерттеулер санитарлық – нормаларға сәйкес келеді.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Если сад "Димаш"

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шіледегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шіледегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шіледегі № ҚР ДСМ-68 "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шіледегі № ҚР ДСМ-59 "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020"Өндіріс



және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 «Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы бұйрығы».

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №62 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бақылауды жүргізу және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а 2020 жылғы 15 қазандағы №131/2020 бұйрығымен бекітілген «Міндетті медициналық қарап – тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдык зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде міндетті алдын ала медициналық қарап – тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап – тексерулер жүзегізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап – тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қызметкерлердің медициналық тексерістен уақытылы өтуін қамтамасыз ету.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық - эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық - эпидемиологиялық бақылау департаменті Қарғалы аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Қарғалы ауданы, көшесі Г.Карюк, № 1А үй, 1

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Каргалинское районное управление санитарно - эпидемиологического контроля Департамента санитарно - эпидемиологического контроля Актюбинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Каргалинский район, улица Г.Карюка, дом № 1А, 1

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Бержанова Айнагуль Канбаевна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

